

Д.Ж. МОЛДАБАЕВА

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ФАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТИК ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

В данной статье автор попытался проанализировать факты связанные с государственной структурой тюркских народов в древности и средневековье, а также выделил титулы и наименования связанные с государственной структурой, и дал пояснение на такие слова как: көңгес—той(совещание), каган, билге, аюки и.т.д. Автор хотел обратить внимание на особую методику и умелость тюркских народов создавать и править государством с древнейших времен. И тем самым заложили основу государственности всех последних народов Средней Азии.

Makalede Türk halkları ile devlet binnesindeki bulunan ünvan, rütbə, sıfatları analize edilmektedir.

Түркі халықтарының тарих сахнасына шығуы, мемлекет құрыш, ел билеуі туралы түрлі зерттеулер мен еңбектер жазылыш келеді.

Отан тарихын ұлттық тұрғыдан зерттең зерделеу бүтінгі таңның өзекті мәселеі болыш отыр. Тарихты тұстарай алыш қарасақ, ежелгі заманан бастап адамдардың бір байрақ астына бірігуі, мемлекет, халық, ұлыс, ұл қағидаларының қалыптасуы бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтыратын тұсініктер екені анық. Яғни тарихи тамырластықтан келип туатын ұлттық қалыптасуы үшін, әуелі бір мақсатқа бағытталған, белгілі территориясы, ортақ мұддесі, мәдениеті бар халықты бір мемлекеттік құрылымға біріктіру қажет. Тарих бойынша осы міндетті үздік орындағандарғана құшті мемлекет құрыш, өз саяси биліктерін өзгелерге мойындана білген. Откенимізге көз салсақ Түркі мемлекеттерінің «ұзақ уақыт тарих оқулықтарында» жазылыш келгеннен өзгеше, әлдеқайдың күрделі құрылымы болған төрізді.

Бүтінгі таңда тәуелсіздіктің жиырма жылдыры қарсанында, барымызды бағалаң, жоғымызды түгелден жатқан жағдайда, отан тарихының ерте және орта ғасырлық тарихының кемпін тұсын айтпасқа болмас. Тұстарай алғанда, тарих саласы дамыш, жаңа зерттеулер жасалып, жаңғырыш жатқаны шындық. Десек те, қазақ халқының ұлттық мұддесі тұрғысынан, оның қалыптасу кезеңі мен ерте тарихына қатысты, тарихты бөле жарыш емес, тұтас халықтық тарих жазатын уақыт келді. Біздің ерте және орта ғасырлық тарихымыз Қаңылар тарихы, Үйсіндер тарихы немесе басқа да жекелеген ұлыстардың тарихы тұрғысынан жазылған. Бұл, әрине, негізінен қазақ халқының тарихы. Яғни халықтың қалыптасу, мемлекеттік құрылымының қатаю кезеңі. Осы ерте дәуір мемлекеттері туралы жетік ғылыми мағлұматтарымыздың жоқтығы, оларды қараңайым көшшелі мемлекеттер, ұлыстар ретінде қарастыруға жол ашып келді. Қазақ елінің ерте

және орта ғасырлық тарихының жете зерттелмеуінің бір себебі, дерек көздерінің аздығы және олардың шет тілдерде (қытай, арап, парсы) болуы, бұл салада ұзақ жылдар ұлттық кадрлардың дайындалмауы салдарынан орыс шығыстанушыларының аударма-зерттеулерімен шектелуге және солар қалыптастырылған шікір төңірегінен шыға алмауға алып келді.

Ал енді бұгін тәуелсіз қазақ зерттеушілері үшін барлық жол ашылғанымен, сол тіл білімі қындықтары әлі де кедергі болуда. Орта Азия тарихының атасы В.В.Бартольд та атап көрсеткендегі, орта ғасырлық тарихты зерттеу үшін әрі тарихшы, әрі тілші, әрі шығыстанушы болу қажет. Десек те, осы орта ғасыр бойынша түркі халқытарының оргақ тарихы бұгінгі Түркия Республикасында жете әрі жан-жақты зерттеліш келеді. Деректерді оку әрі тарихи талдау жасауда түркі әріптестерімізбен тәжірибе алмасуға әбден болады.

Әсіреле орта ғасырлық мемлекеттердің құрылымы туралы тиянақты әрі дәйекті зерттеулер қажет. Өйткені қазақ халқының мемлекеттік тарихын жазу үшін, олардың сонау ежелгі дәуірден бастап түркі тайшаларының мемлекет құру және басқару дәстүрін жалғастырушы халық екенін дәйекті зерттеулермен дәлелдеуміз қажет. Шындығында қарашайым көшшелі мал шаруашылығымен айналысың, соғыс саясатының арқасында шығысы Қытай, батысы Шығыс Европа, оңтүстігі Қаратеңіздің солтүстігіне дейін, ал солтүстігі Сібірге дейін созылған ұлан-байтақ территория мен осы территорияны мекен еткен этникалық жағынан әр түрлі халықтың бір биліктің астында біріктіру, қарашайым халықтың қолынан келер іс емес тәрізді.

Әрине, соғыс орта ғасырда саяси күштің мойыннатудың, территорияны кеңейтудің басты тәсілі болуы мүмкін. Яғни күштінің әлсізді бағындыруы тәрізді. Десек те, құрылған мемлекетті басқару, байлығын асыру тек соғыстың қүшімен болмасы анық. Ал, түркілер сонау Ғұн, Үйсін, Қаңылардан бастап, Түркі, Түркеп, Қарлук, Оғыз, Қышшак, Қарахан дәуірінде мемлекеттік құрылымды қалыптастырып ғана қоймай, ұздықсіз дамытыш отырған. Осы мемлекетті басқару біліктілігінің арқасында Түркілер ғасырлар бойы Евразия сияқты алып территорияны билеп келді [1, 22].

Мемлекеттік құрылым айтар ауызға оқай болғанымен, қыр-сыры көп күрделі жүйе. Себебі, сыртқы саясатта түркілер мыңжылдық мәдениеті мен тарихы бар Қытай, Иран және Византия сияқты өркениетті елдермен терезесі тәң дәрежеде байланыстар орнатып, дербес мемлекет ретінде өздерін мойыннатып келген. Бұгінгі таңда Қазақ елі тәуелсіздігіне бар болғаны жиырма жыл болғанына қарамастан, әлемдік деңгейде мемлекеттермен жоғары дәрежелі қарым-қатынастар қалыптастыра білуі де осы мемлекет басқару дәстүрі мен құндылықтарға ие болып келуінде болса керек.

Төменде осы мемлекеттік құрылымдарға жалпы шолу жасаш, олардың негізгілеріне тоқталамыз. Ежелгі дәуірде қалыптасқан алғашқы мемлекеттік бірлестік Ғұн мемлекеті. Ғұн мемлекетінен бастап Түркі қағанатына дейін

Д.Ж.Молдабаева. Ежелгі және ортағасырлардағы түркі...

ерте дәуір мемлекеттерінің құрылымына шолу жасар болсақ, олардың ортақ тұстарын көру қын емес.

Мемлекеттік құрылымда маңызы жағынан ең бірінші – Мемлекеттік Мәжіліс «Той» келеді. Көне түркілерден Ғұн мемлекеті тарихына қатысты деректерде Меде (Мете) хан тұсында (б.з.б. 209-174жж.) діни және мемлекеттік істерге байланысты Үш түрлі жиын сөз етіледі. Бірінші жиын жылдың бірінші айында Танхудың (билиеушінің) сарайында өткізілсе, екіншісі көктем мезгілінде, жылдың бесінші айында өткізілетін болған. Ал соңғысы малдың семіріп, жетілген күз мезгілінде өткізілген [2, 45]. Осы үш жиын-тойдың ішінде маңызы жағынан жоғары тұратыны деректердің жазуына қарағанда, екіншісі, яғни көктем мезгілінде өткізілетіні болса керек. Осы жиында жердің, елдің жаңаруына, ата-баба рухына құрбан шалынып, бәйге салыш, сайыс ұйымдастырып қана қоймай, мемлекеттік маңызы бар мәселелер мысалы: тақ мұрагерінің жариялануы, таққа отырғызу, заң жариялау немесе өзгерістер енгізу, елдің ішкі-сыртқы мәселелері туралы шешімдер осы той-жиында талқыланатын болған. Түркі халықтарындағы осы той-жиын дәстүрі Европа Ғұндарында да болғаны туралы Византия тарихшысы Прискос жазады. 448 жылы Византия елшілерімен бірге Аттиланың қабылдауында болған бұл тарихшы, Ғұндардың Византия ұсыныстарын талқылау үшін «қалаулылардың мәжілісі» (Logades) шақырылғанын жазады [3, 247].

Осы сияқты жиындардың Табғаштарда «уәзірлер жиыны», Хазарларды «ақсақалдар мәжілісі» ал, Печенектерде мемлекеттік мәселелер «Мәжіліс-Коментор»да қаралатын [4, 136-180].

Махмұт Қашқари Оғыздарда тойдың болмағанын олардағы мемлекеттік істер «Тірнек-дернек»терде талқыланатынын айтады (Қашқари ДЛТ: 477) [5, 30].

Оғызхан дастанында да той сөзінің мағынасы жиын, кездесу, мәжіліс дегенді білдіреді. Сонымен қатар «Той» сөзі көне түркі жазба ескерткішінде (Тоныкек) үш жерде; «той-гүн» (toy-gun) түрінде кездеседі. Бұл сөзді В.Томсоннан бастап бірнеше зерттеушілер «жоғары дәрежелі мемлекет шенеунігі» түрінде аударуға тырысты [6, 24].

Бірақ, түрік ғалымы И.Кафесұлы «той-гүн» сөзінің тіркесіндегі гүн сөзі «бірлік, ұйым немесе ұйымның мүшесі» дегенді білдіреді, демек той-гүн сөзін тойға мүшпе, тойға қатысушы деп аударған жөн» деген тікір айтады [3, 249].

Қытай жылнамаларында «той-гүн» сөзі «Та-куан» түрінде кездеседі. Қытай деректері осы «Та-куанға» кіретін адамдардың титулдарын көрсетіш жазады. Оладың арасында: Текин, Кулчор, Апа, Еркин, Иен-хунг-та, Тудун, Елтебер, Тархан т.б болған [6, 21]. Осы титулдағы адамдар мемлекеттің әскери-азаматтық істерін басқаратын және мемлекеттік мәжіліс-тойға қатысуға құқылы тұлғалар болған. Демек, Той-гүн немесе Той-гүн сөзі тойға-мәжіліске қатысушы мағынасына келеді.

Мұндай мемлекеттік мәжілістің басқарушысы елдің билеушісі – Қаған болған. Дегенмен қандайда бір себепшен қаған немесе қаған уәкілі тойға қатыса алмаған жағдайда мәжілісті қазіргі мағынасында «үкімет баспышының» білдіретін, билеушінің әuletіне жатпайтын «Айгуджы» немесе «Өге-үге» басқарған (Тонықөк жазуында 10, 21, 29, 49 қатарларда Айгужы түрінде айтылады). Атқаратын қызметіне қарағанда орта ғасырлық Айгуджылар бүгінгі үкімет баспышы – премьер-министр қызметінде болған (Түркдоған 1993: 85).

Мемлекеттік құрылымдағы келесі магызыды орган бұл – Үкімет, орта ғасырлық атауы – Айюки. Жоғарыда баяндалған той-мәжіліс мемлекеттің саяси-әскери және мәдени мәселелері қаралатын ең жоғарғы орган екенін көрдік. Мұндай мәжіліс-құрылтайлар жылда бір рет шақырылып, маңызды мәселелер талқыланады. Ал мемлекеттің өзге де кезек құттірмейтін ірлі-ұсақты мәселелері, маңызы жағынан «Тойдан» шағын «уәзірлерден құрылған үкімет» кейінгі орта ғасырлардағы атауымен «Диуан – диваң» мәжілістерінде қаралатын [3, 251].

Қытай деректерінде Фұндардан бастап түркі мемлекеттерінің түгелінде дерлік «биликті жүйелеуші, сыртқы байланыстарды қадағалаушы қызметін атқаратын бүйрықтар» (уәзірлер) туралы» мағлұматтар барылық.

Үкімет сөзі көне түркшеде **Айюки** немесе Айюкі деп аталатын [3, 252]. Орхон жазбаларында бұл сөз «Түрк Білге қаған айюкыка інім Күлтегін күзедү отуртым» яғни (мен) Түрк Білге қаған, үкіметке інім Күлтегінді күзетуге отырығызды [3, 251].

Түркі мемлекеттерінде үкімет мүшелерінің саны әр уақытта әр түрлі болыш өзгеріп отырған. Дегенмен, қытай деректеріне қарасақ, Ұйғыр қағанаты мен Түркі қағанаттарында үкімет мүшелерінің саны тоғыз бүйрықтан тұратын [7, 4]. Деректердегі мағлұматтарға қарағанда, осы тоғыз бүйрықтардың алғауы «сыртқы бүйрықтар» ал үшеуі «ішкі бүйрықтар» болыш жіктелген сияқты.

Ибрахим Кафесұлы өзінің «Түрік Ұлттық Мәдениеті тарихы» атты еңбегінде Лиу Мау-тайдың (Liu Mau-tsaï) қытай деректері негізінде жазылған еңбегіне талдау жасай келе «бүйрық–бақан–министр» атқаратын қызметтері түрғысынан алғанда бір-біріне өте жақын түсініктер делинген. Орта ғасырлық түркі мемлекеттеріндегі әлеуметтік жіктелу және титулдар туралы қытай деректері олардың атауларын жеткізгенімен, осы титулдағы адамдардың нақты атқаратын қызметтері туралы жітік мағлұмат бермейді.

Орхан Түркдоған «Түркі тарихының социологиясы» атты еңбегінде осы әлеуметтік жіктелу тақырыбын зерттей келіп, көне түркі жазбаларынан бұл сұраптарға жауап табуға болатынын айтады. Жазба ескерткіштерге сөздік талдау жасай келіп, төмендегі әлеуметтік титулдарды анықтайды: а) қаған; б) қаған уәкілі; в) жабғу; г) шад; д) билеуші әuletінің мүшелері – текиндер; жоғарғы дәрежелі мемлекет шеңеуніктері; е) тудун, чор, буйрық, тархан, бектер, ж) халық – будун (Түркдоған 1993: 93). Осы титулды

Д.Ж.Молдабаева. Ежелгі және ортағасырлардағы түркі...

қызметкерлерден Чор мен елтеберлер жаулаш алынған жерлерді қағанның әскери үекілі ретіндеге басқарыш отырган. Ал, тудундар салық жинау ісімен айналысадан.

Мемлекетті басқарушылардың басында билеуші – қаған тұрады. Билеушілердің әр түрлі титулдары мен лақап аттары болған: түркі мемлекеттерінің билеушілері V ғасырға дейін әсіресе а) Танху, б)шан–юу титулдары жиі қолданған. V–VI ғасырлардан бастап қаған(хакан), хан, жабғу, иди–кут, елтебер, еркін (күл еркін – ұлы еркін) сияқты титулдар деректерде жиі кездеседі. Бұлардың арасында кеңінен таралғаны және қолданылғаны «қаған» яғни «император» титулы болса керек [8, 44]. Қағанан кейін мемлекет ісінде маңызды орын қағанның бәйбашесі – Хатундікі еді. Одан кейін тақ мұрагері ханзада– Елик–бек келеді [9, 119].

Түркі мемлекеттерінде сыртқы байланыстар мен қатынастарды қалыптастыру мен дамыту ісі тұрғысынан «сыртқы істер үәзірлігі» маңызды орынға ие болатын. Көне түркі мемлекеттерінде елшілік–дипломаттық қызметтерді атқарушылар – Білгелер деп аталатын.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы, Алматы:Білім. 1997.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки, Москва, 1969
3. Kafesoğlu Ibrahim. Türk Mili Kültürü. Ankara, 1996.
4. Kurat Akdes Nîmet. Peçenek Tarihi, İstanbul. 1937.
5. Şeşen Ramazan. Islam Coğrafiyacılara Göre Türkler ve Türk Ülkeleri Ankara. 2001.
6. Bombaci A. On the Ancient Turkish Title Eltabar. 1970.
7. Rasony Laszlo. Tarihte Türklik, Ankara:TAKE yay. 1991.
8. Grousset Rene, Bozkır İmparatorluğu Tarihi, İstanbul. 1996.
9. Togan Zeki Velidi. Bugünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi, Ankara. 1981.

REZUME

D. MOLDABAEVA (Almaty)

SOME PROBLEMS OF STATE STRUCTURE OF TURKIC PEOPLES IN THE ANCIENT TIME AND MIDDLE AGES

The article deals with the facts concerning the state structure of Turkic peoples in the ancient time and middle ages, as well as the titles and names, such as: kengestoy (meeting), kagan, bilge, ayuki and etc. Turkic peoples have had a special method and skill to form and rule the state since the ancient time and established the basis of state system of all Central Asian peoples.